

## Бірыңғай салықтың ставкаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 153 шешімі. Қостанай облысы Жітіқара ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 8 мамырда № 9-10-121 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2018 жылғы 5 наурыздағы № 193 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 05.03.2018 № 193 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткенінен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 422-бабының 2-тармағына сәйкес Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 12.12.2013 № 181 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Бірыңғай салықтың ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Жітіқара ауданының аумағында тіркелген жиынтық салығының бірыңғай ставкаларын белгілеу туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 403 мәслихат шешімінің күші жойылған деп таңылсын (нөмір 9- 10- 59 нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік Тізілімінде тіркелген, 2007 жылғы 19 қаңтарда " Житикаринские новости" газетінде жарияланған, оның алдында "Жітіқара ауданының аумағында тіркелген жиынтық салығының бірыңғай ставкаларын белгілеу туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 403 шешімге өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 15 мамырдағы № 438 мәслихат шешімімен өзгерістер енгізілген, нөмір 9-10-71 нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік Тізілімінде тіркелген, 2007 жылғы 25 мамырда № 21 "Житикаринские новости" газетінде жарияланған).

3. Осы шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткенінен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жітіқара аудандық  
мәслихаты сегізінші  
сессиясының төрағасы  
Жітіқара аудандық*

*З. Асадуллин*

**КЕЛІСІЛГЕН:**

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Қостанай облысы бойынша Салық департаментінің Жітіқара ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі бастығы

\_\_\_\_\_ Қ. Қосмұхамбетов

Мәслихаттың  
2009 жылғы 22 сәуірдегі  
№ 153 шешіміне қосымша

**Белгілеген салықтың бірыңғай ставкалары**

№ р/н	Салық салу объектісінің атауы	Салық салу объектісінің бір бірлігіне тіркелген айлық салығының бірыңғай ставкалары (айлық есептік көрсеткішпен)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ақшасыз ұтыс ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ақшасыз ұтыс автоматы.	2
3	Ойын өткізу үшін пайдаланатын жеке компьютер	1
4	Бильярд үстелі	5
5	Ойын жолы	5
6	Карт	2